

ResearchGate

Google Scholar

I^{WORLD}
I^{of}
JOURNALS

НАУЧНАЯ ЭЛЕКТРОННАЯ
БИБЛИОТЕКА
LIBRARY.RU



ISSN

e-ISSN(Online) 2709-1201



МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ENDLESS LIGHT IN SCIENCE

NO 3

31 МАРТА 2025

Астана, Казахстан



lrc-els.com

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»
INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «ENDLESS LIGHT IN SCIENCE»



Main editor: G. Shulenbaev

Editorial colleague:

B. Kuspanova
Sh Abyhanova

International editorial board:

R. Stepanov (Russia)
T. Khushruz (Uzbekistan)
A. Azizbek (Uzbekistan)
F. Doflat (Azerbaijan)

International scientific journal «Endless Light in Science», includes reports of scientists, students, undergraduates and school teachers from different countries (Kazakhstan, Tajikistan, Azerbaijan, Russia, Uzbekistan, China, Turkey, Belarus, Kyrgyzstan, Moldova, Turkmenistan, Georgia, Bulgaria, Mongolia). The materials in the collection will be of interest to the scientific community for further integration of science and education.

Международный научный журнал «Endless Light in Science», включают доклады учёных, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Таджикистан, Азербайджан, Россия, Узбекистан, Китай, Турция, Беларусь, Кыргызстан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Болгария, Монголия). Материалы сборника будут интересны научной общественности для дальнейшей интеграции науки и образования.

31 марта 2025 г.
Астана, Казахстан

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-3-6

XVIII-XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ТӨМЕНГІ ЖАЙЫҚ-ОРАЛ АЙМАҒЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МҰРАТ А. Е.

7M01603-Тарих: Тарих білімдегі цифрлық технологиялар
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аннотация: Жайық өзені бойында ғасырлар бойы түрлі тарихи оқиғалар өрбіді. Ерте замандарда сақ және сармат тайпалары, кейіннен түркі халықтары мекендеген бұл аймақ XVI ғасырда ноғайлар мен қазақтардың қонысына айналды. XVII-XVIII ғасырларда жер үшін күрес, казактармен қақтығыстар, Пугачев көтерілісі мен Сырым Датұлы бастаған қозғалыстар орын алды. XIX ғасырда Бөкей Ордасы құрылып, жер дауы күшейді. 1836-1838 жылдары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған көтеріліс әділетсіздікке қарсы күрестің символына айналды. XX ғасырда Алаш Орда үкіметі аймақтың саяси өміріне ықпал етті. Жайық өзені мен оның айналасындағы тарихи оқиғалар қазақ халқының тағдырында маңызды орын алады.

Кілт сөздер: Жайық өзені, көшпенді тайпалар, ноғайлар, қазақтар, Пугачев көтерілісі, Сырым Датұлы, Бөкей Ордасы, жер дауы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Батыс Қазақстан.

Аннотация: На протяжении столетий вдоль реки Урал разворачивались различные исторические события. В древности этот регион населяли сакские и сарматские племена, а позднее — тюркские народы. В XVI веке он стал поселением ногайцев и казахов. В XVII-XVIII веках происходили борьба за землю, столкновения с казаками, восстание Пугачева и движения под предводительством Сырыма Датуллы. В XIX веке образовалась Бокейская орда, обострились земельные споры. Восстание под руководством Исатая Тайманулы и Махамбета Утемисулы в 1836-1838 годах стало символом борьбы с несправедливостью. В XX веке правительство Алаш-Орды оказывало влияние на политическую жизнь региона. Река Урал и исторические события, связанные с ней, играют важную роль в судьбе казахского народа.

Ключевые слова: река Урал, кочевые племена, ногайцы, казахи, восстание Пугачева, Сырым Датұлы, Бокейская Орда, земельный спор, Исатай Тайманулы, Махамбет Утемисулы, Алашская Орда, Западный Казахстан.

Abstract: Over the centuries, various historical events have unfolded along the Ural River. In ancient times, this region was inhabited by the Saka and Sarmatian tribes, and later by the Turkic peoples. In the 16th century, it became a settlement of the Nogai and Kazakhs. In the 17th-18th centuries, there was a struggle for land, clashes with the Cossacks, the Pugachev uprising and movements led by Syrym Datulla. In the 19th century, the Bokey Horde was formed, land disputes intensified. The uprising led by Isatay Taymanuly and Makhambet Utemisuly in 1836-1838 became a symbol of the fight against injustice. In the 20th century, the Alash Orda government influenced the political life of the region. The Ural River and the historical events associated with it play an important role in the fate of the Kazakh people.

Key words: Ural River, nomadic tribes, Nogai, Kazakhs, Pugachev's rebellion, Syrym Datuly, Bokey Horde, land dispute, Isatay Taymanuly, Makhambet Utemisuly, Western Kazakhstan.

Жайық өзені кеңістігін көптеген ғасырлар бойы көшпенді тайпалар мен халықтар мекендеді. Ерте замандарда бұл жерде сақ, сарматтар тұрақтаса, біздің дәуірімізде түркі тілдес мемлекеттер
ОФ "Международный научно-исследовательский центр "Endless Light in Science"

пайда болды. XIII ғасырда монғол тайпалары осы өңірдегі қыпшақтарды бағындырып, өз мемлекетін құрды. Кейін XV ғасырда монғол империясы өз-өзінен ыдырап, бірнеше ұсақ хандықтарға бөлінеді. Нәтижесінде XVI ғасырда Жайық бойын түркі тілдес халықтар ноғайлар мен қазақтар бірігіп жайлаған. Бірақ бейбіт өмір ұзаққа созылмады. XVII ғасырдың бас кезінде ел тұтастығын сақтай алмай, өзара қырқысып жатқан қалмақтардың бір бөлігінің орыс мемлекеті бодандығына өте бастауы байқалды. 1628 жылы Жоңғар аймағынан шыққан қалмақ көші 1629 жылдары Ембі өзеніне, 1630 жылы Еділ өзеніне жетті. Қалмақтар жергілікті жерлерде ноғай руларымен қақтығысып, оларды ығыстыра бастаған. Осылайша Ембі, Ойыл өзендері бойынан Нарын құмы мен Боғда тауына қарай көшіп-қонған қалмақтарға қатысты Ресей өкіметі 1655 жылы сәуір айында арнайы Жарлық шығарып, Еділ-Жайық өзендері аралығынан жер берді. Кейіннен Еділ қалмақтары түрлі саяси-экономикалық себептерге байланысты 1771 жылы тарихи Отаны Жоңғарияға қарай үдере көшті. Ал 1801 жылы Еділ мен Жайық аралығына Кіші жүздің қазақтары ресми рұқсат арқылы өте бастады.

Жайық өзені бойындағы елеулі тарихи оқиғалар қарапайым халықтың еркіндікке ұмтылған 1773-1775 жылдардағы Е. Пугачев бастаған шаруалар көтерілісімен бастау алады. Жайық бойында крепостнойлық езгіден әбден титықтаған шаруалар Пугачев туының астына жиналды. Оған ұлттық азаттықты аңсаған Сарытау, Орал, Поволжье өлкесінде тұратын қазақ, қалмақ, татар, башқұрт, тағы басқа түркітілдес халықтар да қосылды. Қазақтардың Пугачев бастаған шаруалар көтерілісіне қатысуы кездейсоқтық емес.

1773 жылы 20 қыркүйекте Пугачев қазақ жұртына көтерілісшілерге 200 адам беру жөнінде үндеу тастайды. Сол жылдың қазан айында Досалы сұлтан өзінің ұлы Сейдалы бастаған жігіттерінен жасақталған отрядты Пугачевтің қарамағына жібереді. Айтулы оқиға жеңіліспен аяқталса да халық еркіндігі мен теңдігі күресінің бастамасы болды.

1783 жылдың тамыз айында Жайық казактары Сырым мен Нұралы хан ауылдарын тонау жорықтарын бастады. Нұралы хан Сырымның ел арасында беделі жоғары екенін білгендіктен, оны орыстардың түрмесінен босатып алады. Сырым темір тордан шыққан соң халық көтерілісінің қарқыны үдей түсті. Бұл уақытта патшаға қарсы бас көтеруден қорыққан Нұралы Сырымға қарсы шығып, Ресейді көмек беруге шақырады. Осы кезден бастап Сырым батырға екі жаумен бірдей шайқасуға тура келеді. 1784 жылы Сырым Сағыз өзенінің бойында Нұралы ханға шабуыл жасағанда, ол орыс-казак бекіністеріне қашып құтылды.

1785 жылы Сырымның үзеңгілестері орналасқан аудандарда – Орал (Жайық) бекінісінің төменгі жағында ірі шайқастар болды. 1783-1785 жылдары қазақтың байбақты, табын және тама руларының жайылымдық жерлерін казактар басып алған соң, қиян-кескі ұрыстар болып өтті. Бұл кезеңде Кіші жүздің батыс аудандарында стихиялы көтерілістер басталды, олар Жайық пен Ембі өзендері арасында көшіп-қонып жүрген руларды да қамтыды. Қалыптасқан жағдайды пайдалана отырып, патша өкіметі тікелей ру старшын дары мен келіссөздер жүргізе бастады. Бір жағынан, бұл саясат қазақ даласындағы хандықты жою мақсатында жүргізілді.

Жайық бойына жан бітірген тарихи оқиғалардың бірі Бөкей ордасының құрылуымен тығыз байланысты. Ресей империясы барлық жағынан кеңіп келе жатқан кез еді. Көршілес елдердің жерлерін басып алып, оларды ресейлік губернияларға айналдырды. 1795 жылы Польша королі тақтан құлап, королдіктің орталық бөлігі толықтай аннексияланды. Дәл осы жылы Курляндия герцогы да тағынан тайды. Міне, осындай тарихи оқиғалардың тұсында, яғни 1801 жылы Бөкей ордасы құрылды. Бұл кезде Грузия аннексияланып, Багратиони династиясының ғұмыры үзілді. Бұл екі ел байырдан келе жатқан христиан династиялары болатын. Ал бұл керісінше, Ресей империясы ерікті түрде үлкен территорияны Бөкейге берді.

Бөкей хандығы құрылғаннан кейін Жайық бойындағы жер қатынасында әділетсіздіктер орын алды. Жәңгірдің ағасы Мендігерей Бөкейханов ханның төңірегінде жүрген сұлтандар

Мұсағали, Шыңғали Ормановтар, Балқы Құдайбергенов т.б. шұрайлы жерлерді иеленді. Сонымен қатар Ішкі орданың халқы Орал казак-орыстарынан да қатты қысым көрді. Жайық өзенінің жағалауына адам жолатпады. Қазақтарға Жайықтан балық аулау түгілі су ішуге, мал суаруға рұқсат етпей, өзенге он шақырым жақындауға тыйым салынды. Ал, ол жаққа жайылып бара қалған малды айдап алып, иеленіп кетіп отырды.

Мінеки, осындай жер қатынасындағы әділетсіздіктер, Орал казак-орыстарының көрсеткен озбырлығы, түрлі салықтардан түскен ауыртпалықтар Орда халқының наразылығын тудырды. Бұл жағдайлар 1836-1838 жылдары халықтың көтеріліске шығуына әкеліп соқты. Көтеріліске Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы жетекшілік жасады. Көтеріліс алғаш әр жерде ұйымдаспаған наразылықтар түрінде байқалса, кейіннен біріккен күшке айналып, ашық қарсылыққа ұласты. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші бұқара халық болды. Бөкей хан 1812 жылы Жайық бөлімінің старшыны Жабал Бегалин қайтыс болған соң орнына Исатайдың жақын серігі М. Өтемісұлын тағайындайды. Махамбет жасынан ақын ретінде қалыптасып, әрі татар және орыс тілдерін үйренеді. Ол Жәңгір ханның баласы Зұлқарнаймен бірге Орынборда да тұрады. Жәңгір хан Махамбетті сарай ақыны жасауға тырысады, бірақ арадағы қарым-қатынас өзгеруіне байланысты Махамбет 1828-1829 жылдары өз ауылына кетіп қалады. Одан соң шекаралық үкімет тарапынан «Еділ арқылы құпия өткені үшін» деген айыппен қамауға алынып, екі жылдай қалмақ қамалында болады. 1831 жылы онда тырысқақ (холера) эпидемиясы басталғанда қашып кетеді. 1834 жылы Жәңгір хан Махамбетті старшындыққа тағайындайды, бірақ бұл тағайындауды Шекаралық комиссия бекітпейді. Жайық бойындағы жер иелену мәселесін шешуде Исатай мен Махамбет бабаларымыз бастаған қарсылықтың мәні зор.

Беріге келсек күнбатыс Алаш Оорда, Батыс Алаш Орда – ХХ ғасырдың басында Батыс Қазақстан аймағында орнаған ұлттық-мемлекеттік пішімдегі автономиялық құрылым. 1918 жылы қыркүйекте Уфа Директориясын құру мәжілісіне Алаш Орда үкіметі тарапынан 12 делегат қатысты. Олар 11-інші қыркүйекте автономиялық үкімет төрағасы Ә. Бөкейханның және Халел, Жанша Досмұхамедовтер (Орал), Бақтыгерей Құлманов, Уәлитхан Танашев (Бөкей ордасы), Сағындық Досжанов (Орынбор), Есенғали Тұрмұхамедов, Бижан Жанқадамов (Ақтөбе), сондай-ақ Ахмет Бірімжанов (Торғай), Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышпаев (Жетісу) сияқты үкімет мүшелерінің қатысуымен төтенше мәжіліс өткізді.

Мәжілісте Алаш автономиясының жергілікті басқару жүйесі туралы мәселені талқылап, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметін тарату, оның орнына алашорданың батыс бөлімін құру туралы шешім шығарды. Ол ресми түрде «Алаш автономиясының батыс бөлігін басқару жөніндегі бөлімше» деп аталды. Оның төрағалығына Ж. Досмұхамедов сайланды.

Алаш Орда батыс бөлімінің әкімшілік құзыретіне бұрынғы «Ойыл уәлаятының» жеріне қоса Бөкей ордасының, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің (Торғай обл.) және Маңғыстау уезінің (Закаспий обл.) аумағы кірді. Яғни Уфа мәжілісінің шешімінен кейін бұрын «Облыстық қазақ комитеті», «Ойыл уәлаяты» аталған күнбатыс Алаш Орданың жер аумағы 2 есе өсіп, тұрғын халқының жалпы саны 1,5 млн. адамға жетті. Осы кезенді зерттеуші кейбір тарихшылар Досмұхамедовтер ұйымдастырған халық милициясының құрамын ғана есепке алып, «Батыс Алашорда үкіметінің 2 мыңдай әскері болды» деген пікірге ғана табан тіреп келді. Шын мәнінде, сол кезде Бөкей ордасының Жаңақала, Казталов аудандары маңында Б. Құлманов басқарған үлгілі қазақ кавалерия бригадасы, Жайықтың оң жақ бетінде – Теңіз округі жерінде, сондай-ақ Жылыой, Рәкөш маңында Әубәкіров, Мендікұлов, Мұқан Көздекенов басқарған, Кетік (Форт-Александровск) қаласында Қадырбай Есмағамбетов, Әбуғали, Тәжіғали Таңқыбаев басқарған алашордашыл жасақтар құрылған.

Сондай-ақ Алаш қозғалысына Маңғыстау өңірінде Тобанияз тобы да тілекші болып, әскери қолдау көрсеткен. Тіпті, қазақ ауылдарын «ақ» пен «қызыл» атанған әскерилердің талап-

тонауынан қорғап қалу үшін атқа қонып, Нарын құмында белсенді іс-қимылымен аты шыққан әнші-композитор Өтеғали Арыстановтың жасақтары да алаш сарбаздарымен мұраттас-мұғдалас қарулы топтар еді.

Ақ Жайықтың тасыған арнасының әр толқынында тарихтың көне ізі жатыр. Осы уақыт аралығында жайсаң Жайық нендей оқиғаны бастан өткізбеді.

Бүгінде Жайықтың әр иірімі мен толқыны сол тарғыл тарихтың қарт куәсі болып тұрғандай күйге қалдырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. (Сборник документов и материалов). Том 1. – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1961. – 743 с.
2. Материалы по истории Казахской ССР (1741-1751). – Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1948. – Том 2. – Ч. 2. – 457 с.
3. Витевский В.Н. И.И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г. Историческая монография. – Казань: Типо-литография В.М. Ключникова, 1897. – Том 1-3. – 974 с.
4. Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь: Типо-лит. Н.М. Родионова, 1902. – 524 с.
5. «Ғылым Ордасы» РМК мұрағаты, 11-қор, 4-т., 239-іс.
6. «Ғылым Ордасы» РМК мұрағаты, 11-қор, 4-т., 327-іс.
7. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсачих орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 655 с.
8. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Сост. И.И. Крафт. – Оренбург: Типо-литография И.Н. Жаринова, 1898. – 282 с.
9. Вяткин М.П. Батыр Срым. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1947. – 435 с.
10. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II-том. – «Цин Гауцзун шилу», 678-цзюань, 19-бет. – Алматы: Дайк-пресс, 2005. – 567 б.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-7-9

ӨЗБЕКӘЛІ ҺӘМ НАУРЫЗ

КЕНЖЕЕВА А.Т.

7M01603-Тарих: Тарих біліміндегі цифрлық технологиялар
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аннотация. Бұл мақалада қазақ халқының ұлттық мерекесі – Наурыздың қайта жаңғыруы мен оның Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі арқылы халыққа қайтарылу тарихы қарастырылады. Кеңес билігі кезінде 1926 жылдан бастап Наурыз мейрамына тыйым салынып, ұлттық құндылықтар ұмыт бола бастағанымен, 1988 жылы бұлмерке ресми түрде Қазақстанға қайта оралды. Мақалада Жәнібековтің осы іске қосқан үлесі, оның идеологиялық шешімдері мен халықтың ұлттық сана-сезімін оятудағы рөлі талданады.

Кілт сөздер: тарих, этнография, Наурыз, саясат, Өзбекәлі Жәнібеков.

Аннотация. В данной статье рассматривается история возрождения казахского национального праздника Наурыз и его возвращение народу через творчество Узбекали Жанибекова. Хотя праздник Наурыз был запрещен в 1926 году при советской власти и национальные ценности начали забываться, в 1988 году праздник официально вернулся в Казахстан. В статье анализируется вклад Жанибекова в это дело, его идеологические решения, его роль в пробуждении национального самосознания народа.

Ключевые слова: история, этнография, Наурыз, политика, Узбекали Жанибеков.

Annotation. This article examines the history of the revival of the Kazakh national holiday Nauryz and its return to the people through the work of Uzbekali Zhanibekov. Although the holiday Nauryz was banned in 1926 under Soviet rule and national values began to be forgotten, in 1988 the holiday officially returned to Kazakhstan. The article analyzes Zhanibekov's contribution to this matter, his ideological decisions, his role in awakening the national consciousness of the people.

Key words: history, ethnography, Nauryz, politics, Uzbekali Zhanibekov.

Біз айшықтап атаған XX ғасырда қазақ көп құндылықты жоғалтып ала жаздады. Соның ең елеулісі - Наурыз мейрамы.

Еркіндік пен теңдікті аңсаған рухшыл елдердің намысын жанып, ұлттық ұстының ажарландырар, түбі мен тегін, танымы мен тарихын еске түсірер, ұлыстың ұзданын шындайтын өз Наурызды кешегі ғасыр саясаты шектеді. Нақтырақ айтсақ, 1917 жылы Ресейдегі төңкерістен кейін әлем тарихымен бірге қазақ мәдениеті құлдырай бастады. Ақ патшаны тақтан тайдырып, Кеңес өкіметін орнатқан большевиктер 1926 жылы КСРО құрамындағы Орта Азия елдеріне қатаң тыйым салды. Наурызды тойлау түгілі атаудың өзі қылмыспен пара-пар болды. Неге? Өйткені бұл күні көкірегіндегі бозторғайдай жаны бостандық аңсаған елдер рухани ымыраласып, бірігіп кететін.

Алып территорияны иемдеген, 15 елдің басын қосқан империяның сол кездегі «шаш ал десе бас алатын» большевиктері құрамдас елдің азаматтарынан «кеңес адамын» жасауды ең ұлы жетістік санады. Осылайша түркітекес елдердің ішінде қарға тамырлы қазақ ұлысын ерекше жіктеп алып, тұтас ұлттық болмысын жалаңаштауға тырысты. Орыстандыру саясатының ең өтімді жолы дәстүр мен діни шектеу деп тапқан сұм саясаткерлер 62 жыл бойы Ұлыстың ұлы күнін тойлатпай келді.

Иә, жоғарыда тілге тиек еткен ғасырлар көкжиегінде бізге дәл осындай қысым көрсетілген бе? Ұлт-азаттық көтеріліс, қолдан жасалған аштық, Алаш арыстарын қорғасын оққа таңған

ОФ "Международный научно-исследовательский центр "Endless Light in Science"

репрессия, Екінші дүниежүзілік соғыс, тың иегеру деп жалғасып кете беретін мың сан кедергілерден азып-тозып шыққан ұлт түбінде жандану, жасану кезеңін бастан өткерері хақ. Аз ұрпақтың өзі ата дәстүрінен мақұрым қалса ше? Африканың байрығы тайпаларындай өз тілінде сөйлейтін, баба жолын ұстанар ақырғы адам секілді жарық ғаламнан құндылығын өзімен алып жоғалары хақ. Бірақ қанды қырғынға ұшыраған еліміздің азаматы да, халқы да, құндылығы да бүгінгі жалғасқанына мың сан шүкірлік.

Шүкірлік айтқанымызбен кешегі қиын кезеңде құндылық үшін күрескен ұлыларды да ұлықтауымыз керек. Әдебиеттің «алтын ғасыры» саналған ХХ ғасырдағы ақын-жазушылар мен мәдениет қайраткерлері ел үшін, ұлт құндылығы үшін тынбай күресті. Солардың алғы шебінде Өзбекәлі Жәнібектің тұрғынын сан рет естіп, оқып келдік.

С. Керімбай мен Ә. Нәбидің «Өзбекәлі және Мәдени майдан» кітабын алып, парақтап-тарақтап шықтым. Бұл туындымен таныспай тұрып та Наурыз жайлы айтыла қалса Өзбекәлі Жәнібектің есімін, Ұлыстың ұлы күнін тойлау үшін жасаған ерлігін жиі еститінмін. Зиялы қауым, Өзағаның көзін көрген қаламгерлер сүйсініп жырлайтын, тебіреніп толғайтын. Десе де қолдағы құнығып оқыған құнды кітап ретінде «Өзбекәлі және Мәдени майдан» туындысынан бірқатар мысал келтіруді жөн санадым. Әуелі 1987 жылы Мәдениет министрі, артынан Республиканың идеология жөніндегі хатшысы болған тұлға жайлы айта келіп. Кітап авторы: «Билік тізгіні қолға тиген күні-ақ Өзбекәлі Жәнібек оны ұлт мүддесіне тиімді пайдаланды. Соның бірі – Наурызды қайтару операциясы», - дейді. Оған қоса Қонаевтың орнына келіп қазақ қоғамынан қысым көріп, пұшайман күйге түскен Г. Колбиннің халық алдында абырой жинауға аса мұқтаж болғанын, Өзағаның ішкі саясатының, төменнен талап түсіргенінің арқасында Наурыз тұрғысындағы ұсынысты амалсыз қолдағанын айтады.

Рас, бұл ретте Торғайды түлеткен, бабалар кесенесі жаңғыртқан, қазақ қыздарына жасалған қысымды алып тастауға күш салған, ұрпаққа теңдік алып берген, қазақтың мың жылғы жәдігерін топтастырған, қазақ өнер саңлақтарының есімін КСРО көлемінде танытқан Өзағаның өр екпіні мен аңсарынан бөлек, қарапайым ел де Наурызды асыға күткенін жасырмауымыз керек. Ел аңсап, тұлға талаптанғанның арқасында құндылық құм астынан шығарылғандай болды. Аттай 62 жыл жалпыхылықтық сипатта тойланбай келген (кейбір елді мекен, өңірде шағын аталып өткені болмаса) әз Наурыздың қайта түлеуіне сол кездегі қазақ қаламгерлерінің де үлесі болды. Десе де күллі операцияның тетігі Өзбекәлі Жәнібектің қолында тұрғаны анық.

Осылайша жарты ғасырдан астам уақыт ел жадында жаңғырған болмаса, тойланбай келген Наурыз мейрамы 1988 жылы қазақ қоғамымен қайта қабысты. Алғаш рет рухани астанамыз саналған Алматыда тойланды. Біз жоғарыда атаған кітапта Өзбекәлі Жәнібектің жары Қалихан апамыз: *«1988 жылы Наурыз өткізерде Өзағаң қатты қобалжыды. «Не болар екен, қалай өтер екен?» деп түнімен ұйықтамады. 22 наурыз күні таңертең көшеде мерекелік көңіл-күй пайда болды. Далада серуендеген жұрттың көбі ұлттық киім киіпті. Жастар алтыбақан теуіп жүр. Көше мен саябақта қазақша ән айтылып жатты. Біз қазіргі Достық көшесімен жоғары көтерілдік. Кенет үлкен концерттік бағдарламамен әртістер керуені көш тартты. Керуеннің басында әдемі шапан киген, ақбоз ат мінген жас жігіт келеді. Бұл жігіт Мұхтар Шаханов еді.*

1988 жылы Наурыз өткізуге тәжіктер мен өзбектер де ынта білдірді. Әлі есімде, сол жылы таудағы үйде тұрғанбыз. Кешке жақын Өзбекәлі жұмыстан келісімен телефон қоңырауы шырылдай бастады. Бәрінің наурызға арналған той жайында білгісі келді...» - деп толғанған екен. Ал Өзбекәлі Жәнібектің тұңғышы Ниетжан Өзбекстанның мәдениет саласының шенеуніктері Өзағаңа телефон соғып ала алмай жатқанын, әкесінен «бұрынғы тыйымды қалай сындырғаны» турасында білгісі келетіндіктерін сұрағанын айтады.

Расымен де Өзбекәлі Жәнібек секілді ұлт намысын ойлаған сол кездегі ымырашыл тұрғалардың арқасындан Наурыз мейрамы түркі халықтарының ішінде бірінші болып қазақ

ұлысында тойланды. Бәзден кейін 2 жыл өткенде өзбектер, тәжіктер, 1991 жылы түріктер, түркімен мен әзербайжандар тойлай бастады. Осы ретте біз мақаланың тақырыбын не үшін «Өзбекәлі һәм Наурыз» деп алғанымызға «Өзбекәлі және Мәдени майдан» кітабындағы мына бір естелікпен жауап берейік: «...Өзбекәлі 9 ақпанда идеология хатшысы қызметіне отырды. Арада бір апта өтпей «Лениншіл жас» газетінің «Тікелей телефон» айдарында Мұхтар Шахановпен сұхбат болды. Онда Наурыз туралы мәселе көтерілді. Газетке көлемді мақала шығады. Өзбекәлі сол мақаламен ойда-жоқта танысқан болып, газеттің редакторы Уәлихан Қалижанды түсініктеме беру үшін өзіне шақыртады. Сосын наурыз айының басында Жазушылар одағында жиын болып, «Наурыз» мәселесі көтеріледі. Жиынға Өзбекәлінің өзі де қатысады: Зиялы қауымның ұсынысын жинаған болып, Г. Колбиннің алдына кіреді» - дейді. Міне, осындай тәсілмен Ұлыстың ұлы күнін қайтарған Өзбекәлі Жәнібеков сынды тұлғалардың ерен еңбегін біз ұмытпауымыз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жәнібеков Ө. «Уақыт керуені». – Алматы: Жазушы, 1992.
2. Тұяқбаев М. «Өз-ағам – Өз-ағам». – Алматы: Арыс, 1999.
3. Әсемқұлов Т. «Есте қалған естеліктер». / «Алтын Орда» / 21.12.2001.
4. Жәкішева З. «Өзбекәлі Жәнібек тағылымы». – Алматы: «Алматы-жарнама», 2011.
5. Есенәлиев М. «Ұлтын ұлықтаған азамат». – Алматы, Арыс, 2015. 6. <https://bilim-all.kz/article/14497>

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-10-13

УДК: 7.038

ПОСТМОДЕРНИЗМДЕГІ КЕҢЕСТІК ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН СИМВОЛДАР МЕН ТАПТАУРЫНДАРДЫҢ ПОСТАДАМҒА ӘСЕРІ ЖӘНЕ СОЦ- АРТТЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

ШАЙКЕНОВ АРМАН ЖАНУЗАКОВИЧ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университетінің филология факультетінің
магистранты

Ғылыми жетекші — СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р. Б.

М. Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент), филология
ғылымдарының кандидаты.
Орал, Қазақстан

Аңдатпа: Бұл зерттеу кеңестік қоғам қалыптастырған символдар мен таптаурындардың постадамға әсерін және соц-арттың постмодернистік кеңістіктегі көркемдік қызметін талдауға арналған. Кеңестік идеология халық санасына терең сіңіп, ұжымдық жадының ажырамас бөлігіне айналды. Посткеңестік дәуірде бұл рәміздер жаңа мәдени және әлеуметтік мәнге ие болып, көркемдік интерпретацияның объектісі болды.

Зерттеу әдіснамасы ретінде мәдени-тарихи, семиотикалық және өнертану талдаулары қолданылды. Кеңестік символиканың постмодернистік интерпретациясы мен соц-арт туындылары салыстырмалы-талдамалық әдістер арқылы зерттелді. Негізгі нәтижелер бойынша кеңестік рәміздер постадам санасында екіұшты рөл атқаратыны және олардың соц-арт арқылы сындарлы қайта пайымдалатыны анықталды. Соц-арт кеңестік мұраны жоққа шығармай, оны жаңа контекстке енгізу арқылы мәдени интерпретациялаудың ерекше формасын ұсынады дәлелденді. Зерттеудің құндылығы – посткеңестік мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерін, оның постмодернистік өнердегі көрінісін талдауда болып табылады. Бұл жұмыс мәдениеттану, өнертану және семиотика саласындағы ғылыми ізденістерге үлес қоса алады.

Кілт сөздер: кеңестік идеология, посткеңестік қоғам, символизм, мәдени трансформация, постадам, идеологиялық дискурс, тарихи жады, ұжымдық сана.

Кіріспе

Әдебиет – белгілі бір дәуірдің айнасы ғана емес, сонымен қатар оның ең терең құпияларын, ұжымдық жадын және идеологиялық құрылымдарын бейнелейтін қуатты дискурсивті кеңістік. Кеңестік қоғамда әдебиет социалистік реализм қағидаттарына негізделіп, мемлекеттің идеологиялық құралына айналды. Ол кеңестік символдарды, таптаурындарды бекітіп, оларды адам санасына терең сіңіруге ықпал етті.

Кеңес идеологиясы қалыптастырған әдеби рәміздер жүйесі белгілі бір архетиптерді тудырды: «еңбек адамы», «партия көсемі», «халық жауы» сияқты бейнелер тек әдеби сюжеттің элементтері ғана емес, қоғамның рухани-идеологиялық құрылымының негізі болды. Бұл символдық жүйе уақыт өте келе постмодернистік сынға ұшырап, соц-арттың көркемдік әдістері арқылы қайта пайымдалды.

Соц-арт әдебиетте де өзіндік ерекшеліктерімен көрініс тапты: кеңестік мәтіндерге интертекстуалдық сілтемелер жасау, идеологиялық клишелерді ирониялық тұрғыдан қайта құру, социалистік дискурстың жасандылығын ашып көрсету сияқты тәсілдер посткеңестік кеңістікте кең таралды. Осы мақалада біз кеңестік қоғам қалыптастырған символдар мен таптаурындардың

ОФ "Международный научно-исследовательский центр "Endless Light in Science"

әдебиеттегі көрінісін және соц-арттың олардың көркемдік трансформациясындағы рөлін қарастырамыз. Постмодернизм – XX ғасырдың екінші жартысында пайда болған мәдени-философиялық бағыт, ол дәстүрлі құндылықтарды қайта қарап, жаңа семиотикалық жүйелерді қалыптастыруды көздейді. Кеңестік қоғамның идеологиялық құрылымы мен оның қалдырған мұрасы постмодернистік зерттеулерде ерекше орын алады. Кеңестік рәміздер мен таптаурындар ұжымдық санаға терең сіңгендіктен, оларды қайта пайымдау мен көркемдік трансформациялау мәселесі өзекті болып табылады.

1. Кеңестік символдар мен таптаурындардың постадамға әсері. Кеңестік дәуірдің рәміздері мен идеологиялық таптаурындары посткеңестік қоғамның мәдени кодында маңызды орын алады. Бұл символдар ұжымдық жадтың (коллективтік память) ажырамас бөлігі ретінде постадамның (посткеңестік кеңістікте қалыптасқан тұлға) дүниетанымына тікелей ықпал етеді. Кеңестік дәуірдің белгілері, әсіресе, соцреализм стилінде бейнеленген визуалды өнерде, пропагандистік постерлерде, мемлекеттік рәміздерде айқын көрініс табады.

Постадам үшін кеңестік символдар екіұшты мәнге ие. Бір жағынан, олар ностальгиялық сентиментализмді (өткенді идеализациялау) тудырып, тұрақтылық пен ұжымшылдықтың символы ретінде қабылданады. Екінші жағынан, олар тарихи травматизмді (тарихи тәжірибеден туындаған психологиялық жарақат) еске салып, тоталитарлық жүйенің репрессивтік механизмдерін еске түсіреді.

Кеңестік идеологияның таптаурындары тілдік дискурста, мәдени архетиптерде және визуалды коммуникацияда ерекше рөл атқарады. Мәселен, соц-арт бұл рәміздерді деконструкциялау (семиотикалық құрылымдарын бұзу арқылы жаңа мағына беру) және ирониялық реинтерпретациялау (жаңа мазмұн беру) арқылы постадамның кеңестік мұраға деген көзқарасын қалыптастырады. Бұл процесс семиотикалық трансформация мен мәдени палимпсестің (жаңа мағына үстемеленген ескі мәдени қабат) негізінде жүзеге асады.

Кеңес Одағы халықтың санасын басқарудың негізгі құралы ретінде визуалды және вербалды рәміздерді қолданды. Кеңестік рәміздердің құрылымы нақты идеологиялық бағдарға ие болды және олар ұжымдық сананы бағыттау үшін стратегиялық түрде пайдаланылды. Мысалы, қызыл жұлдыз – кеңестік мемлекет пен коммунистік идеялардың біртұтастығын білдіретін әмбебап белгі; серп пен балға – социалистік еңбектің маңыздылығын және жұмысшы-шаруа одағын дәріптеу құралы, Ленин, Сталин және басқа көшбасшылардың бейнелері – билік легитимдігін сақтаудың және идеологиялық бағыт-бағдар берудің негізгі элементтері, ал пролетарлық еңбек культі – «жаңа адам» концепциясын қалыптастыру мақсатында еңбек өнімділігін ұлықтау ретінде сипат алды. Бұл символдық жүйе тек көрнекі ғана емес, сонымен қатар когнитивті және эмоционалдық деңгейде әсер ететін күрделі идеологиялық механизмге айналды.

Посткеңестік кеңістіктегі постадам кеңестік символиканы қабылдау барысында амбивалентті (екіұшты) көзқарас танытады. Біріншіден, бұл рәміздер ұлттық және тарихи бірегейлікті бейнелейтін код ретінде қарастырылса, екіншіден, олар әлеуметтік сананың жаңаруына кедергі келтіретін регрессивті (кері тартатын) факторға айналуы мүмкін. Осылайша, соц-арт өнері бұл рәміздерге жаңа интерпретация беріп, оларды постмодернистік сын тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік жасайды.

2. Соц-арт: Кеңестік мұраға сын тұрғысынан қарау. Соц-арт кеңестік реализмнің символикасын деконструкциялау арқылы саяси және мәдени сынның ерекше формасын ұсынды. Бұл бағыттың негізгі өкілдері – Александр Косолапов, Комар және Меламид, Леонид Соков және басқа суретшілер – социалистік реализмнің рәміздері мен риторикасын пародиялық тұрғыда қайта қарастырды.

Соц-арттың басты ерекшеліктері:

- Кеңестік идеологиялық рәміздерге ирониялық көзқарас;

- Символдарды жаңа контекстте пайдалану арқылы олардың бастапқы мағынасын өзгерту;
- Капиталистік және социалистік мәдени кодтарды біріктіру арқылы жаңа мағыналар жасау;
- Кеңестік пропагандалық эстетиканы поп-арттың әдістерімен ұштастыру;
- Кеңес дәуіріндегі батырлар мен жұмысшылардың бейнелерін гиперболизациялау.

• Соц-арт туындылары көрерменге дәстүрлі идеологиялық дискурстарды жаңа тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Кеңестік рәміздерді пародиялық тұрғыдан қолдану арқылы соц-арт өткеннің маңызын жоққа шығармай, оны қайта ойластыруды ұсынады.

Соц-арт шығармаларында кеңестік рәміздер жаңа семиотикалық контексте қарастырылады. Олар авторитарлық дискурстың тұрақтылығын шайқалтатын визуалды және лингвистикалық ойындарға ұшырайды. Кеңестік идеологияның негізгі элементтері (мысалы, Лениннің бейнесі, революциялық ұрандар, социалистік еңбек туралы клишелер) соц-артта гиперреалистік, гротеск немесе сарказм әдістері арқылы қайта пайымдалады.

Мысалы, Александр Косолаповтың «Ленин Кока-Коланы ішеді» шығармасы капиталистік жарнама мен кеңестік идеологиялық бейнені біріктіру арқылы социалистік мәдениеттің тұтыну қоғамымен астасуының абсурдтық аспектілерін көрсетеді. Бұл кеңестік рәміздерді сакралдық мәненен айырып, олардың коммерциялану мүмкіндігін ашып береді.

Посткеңестік кезеңде соц-арттың әдістері тек өнерде ғана емес, жалпы қоғамдық дискурста да көрініс тапты. Кеңестік мұраның сын тұрғысынан қайта қаралуы саяси риторикада, әдебиетте және кинода орын алды. Бұл кеңестік өткеннің рәміздерін тек тарихи артефакт ретінде емес, өзгермелі мағыналар жиынтығы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Соц-арттың посткеңестік дәуірдегі миссиясы – кеңестік мұраның ықпалын біржақты қабылдамау, керісінше, оны көпқабатты семиотикалық құрылым ретінде ашу. Кеңестік мәдениет пен рәміздерді терең талдау арқылы соц-арт тарихи дискурсты манипуляциядан арылтып, оны жаңа көзқарастар тұрғысынан бағалауға ықпал етеді.

3. Постмодернистік өнердегі соц-арттың көркемдік қызметі. Постмодернистік кеңестікте соц-арт тек кеңестік идеологияны ғана емес, жалпы идеологиялық дискурсты деконструкциялаудың құралына айналды. Соц-арттың көркемдік қызметі мына бағыттарда көрініс тапты:

- **Семантикалық инверсия:** Кеңестік ұрандар мен образдардың мағынасын өзгерту арқылы олардың бастапқы контексттен ажырауы. Мысалы, Ленин бейнесі немесе серп пен балға символикасы бір мезгілде әрі кеңестік насихаттың белгісі, әрі ирониялық мәдени код ретінде қабылдануы мүмкін.

- **Көпқабатты интерпретация:** Көрерменнің қабылдау ерекшеліктеріне қарай әртүрлі түсінуге болатын визуалды және текстуралды элементтерді қолдану. Бұл соц-арттың басты ерекшелігі ретінде мәдени семиотиканың дамуына ықпал етті.

- **Ирония мен сарказм:** Кеңестік символиканың мәдени капитал ретіндегі рөлін қайта қарастыру. Соц-арт кеңестік мұраны терістемей, оны жаңа эстетикалық және әлеуметтік мәнмәтінге енгізу арқылы посткеңестік қоғамның ерекшеліктерін көрсетеді.

- **Поп-мәдениетпен байланыс:** Соц-арт кеңестік рәміздерді капиталистік мәдениетке сай жаңа тұжырымдамалармен ұштастыра отырып, оның коммерциялық аспектілерін де ашып көрсетті.

Соц-арт социалистік реализмнің бейнелеу тәсілдерін әдейі асыра сілтеу арқылы олардың идеологиялық мазмұнын әшкерелейді. Мысалы, Виталий Комар мен Александр Меламидтің «Социалистік реализм стиліндегі американдық көріністер» сериясын айтуға болады. Бұл жұмыстар социалистік реализмнің пафосын гипертрофиялап, оның пропагандистік табиғатын көрсетеді. АҚШ-тағы бостандық пен демократияны социалистік стильде бейнелеу арқылы олар идеологиялық көркемдік әдістердің әмбебаптығын дәлелдейді. Сонымен қатар, соц-арт

постмодернистік өнерге тән эклектика әдісін қолдана отырып, кеңестік және батыстық мәдени кодтарды біріктіреді. Мысал, Леонид Соковтың «Ленин мен Микки Маус» мүсіні. Бұл туындыда Ленин мен Микки Маус қатар орналастырылып, тоталитаризм мен жаһандану арасындағы байланыс зерттеледі. Мұнда Микки Маус – батыстық коммерция мен мәдени экспансия символы, ал Ленин – социалистік утопияның белгісі. Осы екі қарама-қайшы образды біріктіру арқылы соц-арт кеңестік және батыстық құндылықтардың тоғысуын көрсетеді..

Соц-арт постмодернистік өнерде кеңестік рәміздер мен идеологиялық дискурстарды қайта пайымдаудың маңызды тәсіліне айналды. Оның көркемдік қызметі тарихи жадыны сақтау, оны сын тұрғысынан қарастыру және жаңа мәдени мәндер қалыптастыруға бағытталған. Кеңестік символиканың постмодернистік интерпретациясы арқылы соц-арт өткен мен қазіргі уақыттың, идеология мен коммерцияның, өнер мен саясаттың шекараларын жоюға ұмтылады.

Қорытынды

Кеңестік қоғам қалыптастырған символдар мен таптаурындар постмодернистік өнер мен мәдениетте ерекше орынға ие болды. Соц-арттың көркемдік қызметі осы рәміздерге жаңа көзқарас қалыптастыруға және оларды заман талабына сай интерпретациялауға мүмкіндік берді.

Бұл құбылыс посткеңестік кеңестіктегі жеке және ұжымдық жадыны қайта құру процесіне ықпал етіп, постадамның өзіндік мәдени кодтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Соц-арттың визуалды және семиотикалық құралдары кеңестік рәміздердің бастапқы мәнін өзгертіп қана қоймай, оларды жаңа тарихи, мәдени және әлеуметтік контекстке енгізе отырып, қоғамның өзіндік мәдени идентификациясын қайта қарауға мүмкіндік берді.

Осылайша, постмодернизм аясындағы соц-арт кеңестік өткенге тек сын көзбен емес, оны шығармашылықпен қайта бағалау тәсілі ретінде қарау қажеттігін дәлелдейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтынбекова, Г. Кеңестік идеология және оның қоғамға ықпалы. – Алматы: Ғылым, 2020.
2. Жұмағұлов, С. Кеңестік кезеңдегі мәдени саясат // Қазақстан тарихы. – 2018. – №4. – Б. 25-32.
3. Әбжанов, Х. Кеңестік кезеңдегі ұлттық сана және руханият // Қазақстан тарихы. – 2019. – №2. – Б. 15-27.
4. Турсунов, Ж. Постмодернистік өнердегі идеологиялық трансформациялар — Алматы: «Өнер» баспасы, 2019
5. Әбдешұлы Қ. Тәуелсіздік және әдебиет. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2012.

DOI 10.24412/3007-8946-2025-312-14-18

АЛАШТЫҢ МАЙТАЛМАН АҚЫНЫ – МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ АҒARTУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ

БИСЕМБАЙҰЛЫ МИРАС

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты, Алматы, Қазақстан

СЕГИЗБАЕВА САНДУГАШ КЫДЫРБЕКОВНА

№73 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімі, педагог-зерттеуші, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада алаштың шоқтығы биік, кемеңгер тұлғасы – Міржақып Дулатұлының қоғамдық және ағартушылық қызметі, қазақ ұлтының, мемлекеттілігінің дамуына қосқан сүбелі үлесі мен саяси көзқарастары зерделеніп, талданған. Міржақып Дулатұлының 1905 жылдан бастап өмірінің соңына дейінгі қазақ елдігі үшін күрескен саяси қызметі және газет-журналдарда көтерген өміршең мәселелері баяндалған. Алаш азаматының отырықшылану, земство, әйел мәселесі, кооперация, 1916 жылғы 25 маусымдағы жарлыққа көзқарасы, қазақ әліппесі және қазақ тілінің ары қарай дамуы хақында көзқарасы, сонымен қатар, ақиық ақынның қазақ жұртын 1921-1922 жылғы ашаршылықтан құтқарған ғаламат ерлігі егжей-тегжейлі сипатталған.

Тірек сөздер: Алаш, ағартушылық қызмет, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, “Қазақ” газеті, “Есеп құралы” оқулығы.

Міржақып Дулатұлы 1885-1935 жылдар аралығында өмір сүрген қазақтың ақыны, саясаткері, көсемсөз шебері, қоғам қайраткері. 1905 жылы қол қойылған Қарқаралы петициясының, 1909 жылы шыққан «Оян, қазақ!» атты қазақ манифесінің авторы. 1910 жылы таза проза үлгісінде жазылған «Бақытсыз Жамал» атты алғашқы қазақ романын жариялаған ақын. Міржақып Дулатұлы өз өмірінде барлығы 2000 мақала жазған. Алғашқы мақаласын 1907 жылы Петерборда шыққан «Серке» газетінде жариялады. Кейін «Айқап», «Қазақ», «Сарыарқа», «Ақ жол» газеттерінде жалынды, қанды қыздырарлық мақалаларын шығарады. Ахмет Байтұрсынұлымен қатар «Қазақ» газетінде редакторлық етіп, жер, оқу-ағарту, кооперация және тағы да басқа мәселелерді көтереді. Міржақып мақалаларын «Тайшұбар», «Азамат», «Алаш азаматы», «Түрік баласы», «Мадияр» сынды бүркеншік атпен жазып отырған.

Міржақып Дулатұлы 1907 жылы 3 маусымдағы жарлыққа өре түрегеле қарсы шықты. Ол жарлық бойынша, қазақ сияқты Түркістан және Сібірдегі біраз халықтар Мемлекеттік Думаға депутат сайлау құқықтарынан айырылды. Үкімет қазақ сынды халықтарға естуге түрпідей тиетін айып тақты. Үкіметтің ойынша, қазақ Думадағы мемлекеттік маңызды мәселелерді шешуге ақыл дәрежесі әлі жеткен жоқ. Қазақ халқы – надан халық, онымен қоса, қазақ – мал бағатын көшпелі халық. Көшпелі халыққа мемлекеттік істерге араласуға хақысы жоқ деген сынды ой түйді. Міржақып Дулатұлы қазақ халқының қамын жеген үзеңгілес, пікірлес, ниеттес достары Әлихан Бөкейхан және Ахмет Байтұрсынұлымен бірге бұл жалаға тойтарыс берді. Қазақ халқы халық болып қалғысы келсе, айырылып қалған жерлерін қайтарғысы келсе, басқа жұрт қатарлы терезесі тең халық болғысы келсе, ел мүддесін қорғауы тиіс отаншыл депутаттарды сайлауға тиіс деп қарсылық танытты [1, 7 б.].

